

Инвестициялық салықтық преференциялардың қолданылу мерзімдерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 254 Қаулысы

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңының 14-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Қазақстанның»"Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу" инвестициялық жобасы бойынша»"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы"«"KECOG" (Kazakhstan Electricity Grid Operating\$Company) акционерлік қоғамына берілетін инвестициялық салықтық преференциялардың мынадай қолданылу мерзімдері белгіленсін:

1) корпоративтік табыс салығы бойынша - инвестициялық жоба шеңберінде тіркелген активтер пайдалануға берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап 7 (ж е т і) ж ы л ;

2) мүлік салығы бойынша - инвестициялық жоба шеңберінде тіркелген активтер пайдалануға берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап 5 (бес) жыл.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі